

«Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі
Жаңа Қима ауылының Ғ. Әбдірахманов атындағы жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша
жылдық есебі**

2024-2025 оқу жылы

**«Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі Жаңа Қима ауылының Ғ. Әбдірахманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша
жылдық есебі
2024-2025 оқу жылы**

29 тамыз күні директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Омарова А.Б. педагогикалық кеңесте ұжымды жаңартылған «Біртұтас тәрбие бағдарламасымен» таныстырды. Кеңес барысында енгізілген алты құндылық пен жобалармен таныстырып, оқу жылындағы қауіпсіздік сабақтарына тоқталып кетті.

1-қыркүйек күні мектебімізде Білім күніне арналған салтанатты линейка өтті. Іс-шараның алғаш құттықтау сөзін мектеп директорының міндетін атқарушысы К.Е. Абдуалиева жолдап, сайыс жеңімпаздарын марапаттап, мектеп ұжымы мен шәкірттерге сәттілік тіледі. Жақсы ауданы бойынша білім бөлімінің әдіскері Аманжол А.Б. жылы лебізін білдіріп, толағай табыс пен шығармашылық табыс тіледі. Ата-аналар қауымдастығы атынан Каюпова Б.С. ақ ниетін білдіріп, оқушылар мен ұстаздар ұжымын мерекемен құттықтады. Мектептің түлектері кішкентай бүлдіршіндерге өсиет сөздерін арнап, сыйлықтарын табыс етті. 1-сынып оқушылары қызықты қылықтарымен сүйсіндіріп, білімге алу деген құштарлығын өлең сөздерімен жеткізді.

1 қыркүйек күні мектебімізде Жаңа Қима ауылының учаскелік полиция қызметкері Абдусадиков Б.А. жоғары сынып оқушылары арасында «Құқық бұзушылықтың алдын алу», «Интернет алаяқтығы» тақырыптарында дәріс өткізді. Оқушыларға тәртіп бұзған жағдайда, қандай жауапкершілікке тартылатындары жөнінде түсіндірілді. Сондай-ақ, кәмелетке толмағандарға 22.00 ден кейін заңды өкілдерсіз көшеде жүруге болмайтыны туралы ескерді.

1 қыркүйек күні мектебімізде Жаңа Қима ауылының учаскелік полиция қызметкері Абдусадиков Б.А. 1-сынып оқушыларымен «Жолда жүру ережелері» тақырыбында дәріс оқып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Мектеп кітапханашысы Есенгулова Т.С. Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай өткізілген онкүндіктің аясында қазақтың ұлт ұстазы, ағартушы, ақын, жазушысы Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы жайлы кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрмеге ақынның кітаптары, нақыл сөздері, тілдерге арналған буклеттер қойылды.

Мектеп психологі Тапаева А.К. Отбасы күніне орай 11-сынып оқушыларымен "Отбасы-бақыт мекені" атты тақырыбында тренинг өткізді. Мақсаты - отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-ана мен баланың арасындағы қатынасты тәрбиелеу, оқушылардың бойында отбасына деген сүйіспеншілікті тудыру.

16 қыркүйек күні "Жаңа күн - Жаңа Қазақстан" тақырыбында 5 сыныбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағаттың мақсаты: оқушыларды Жаңа Қазақстан жайлы түсінік беру. Елін, жерін сүйуге баулу. Оқушыларға

видеороликтер көрсету арқылы алған білімдерін бекіту. Балалар өзара пікір таласқа түсе отырып, өздерінің білімдерін ортаға салды.

19.09.2024 күні «Біздің мектеп буллингке қарсы!» тақырыбында жалпыреспубликалық флешмоб өткізілді.

#біздіңмектепбуллингкекары

21 қыркүйек күні мектеп оқушылары жалпыреспубликалық сенбілікке қатысты. Мақсаты – оқушылар бойында патриоттық сезімді арттыру, қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу.

26 қыркүйек күні мектебімізде «БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – ҚОҒАМ КЕЛЕШЕГІ» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

Қарастырылған сұрақтар:

1. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен суицидтің алдын алу, ауыл тұрғындарын интернет алаяқтықтан сақтандыру (Омаров С.З., Жаңа Қима ауылы бойынша учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты)
2. Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы өзгерістер (Омарова А.Б., директордың тәрбие жөніндегі орынбасары)
3. Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің маңызы, әлеуметтік желінің әсері мен зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары (Тапаева А.К., педагог-психолог)
4. Қауіпсіздік және төтенше жағдай кезіндегі алғашқы әрекеттер (Оразалы Т.Ж., АӘД жетекшісі)
5. Оқу-ағарту министрлігінің мектеп формасына қойылатын талаптар (Омарова А.Б., директордың тәрбие жөніндегі орынбасары)
6. Әр түрлі

26 қыркүйек күні мектебімізде педагог-психолог Тапаева А.К. «БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – ҚОҒАМ КЕЛЕШЕГІ» тақырыбында мұғалімдер ұжымы арасында ағартушылық жұмыс жүргізді. Мақсаты – бала қауіпсіздігін нығайту. Жұмыс баоысында буллинг, интернет қауіпсіздігі туралы сөз қозғады.

2 қазан күні 10-сынып жетекшісі Аканова А.Р. «Туған жерім – Қазақстан» тақырыбында ардагер ұстаздармен кездесу өткізді. Іс-шараға мектебіміздің ұлағатты ұстаздары Омаров Ж.Қ., Сулейменова Р.А. қатысты. Мақсаты – аға буынға құрмет көрсету. Кездесу барысында оқушылар сұхбат құрып, қызықты ойын ойнап, әсерлі оқиғалардың куәгері болды. 7-сынып оқушысы Рамазан Кәусар қонақтардың құрметіне әсем әнін жолдады. Іс-шараны мектеп директоры Абдуалиева К.Е. қорытындылап, жылы лебізін білдірді.

2 қазан күні 10-сынып жетекшісі Аканова А.Р. Республика күніне арналған «Туған жерім – Қазақстан» тақырыбында сынып сағатын өткізді. Мақсаты – оқушылар бойында патриоттық сезімдерін нығайту. Сынып сағатына мектебіміздің ардагер ұстаздары келіп, ой-бөлісті.

3 қазан күні мектебімізде Дублер күні өткізілді. Мақсаты – оқушыларды өзін-өзі басқаруға жетелеу. Ұстаздар қауымынан 12-сынып ұйымдастырылып, сабақтар өте қызықты жүргізілді.

3 қазан күні Ұстаздарға арналған мерекелік бағдарлама жүргізілді. Мақсаты – ұстаздар қауымына құрмет көрсету, үлгі тұту.

"Тілім - тұмарым" атты 5 сыныпта тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: оқушыларды өз тілінің қадір-қасиетін біліп, тілге деген құрметін, адам өміріндегі маңызын ұғындыру. Тәрбие сағатында "Кім жылдам" мақал-мәтелдер сайысы, "Сандар сөйлейді" ойындары арқылы оқушылар өз ойларын толық жеткізе білді.

14 қазан күні 5-сынып жетекшісі Есенгулова Т.С. "Тілім - тұмарым" атты іс-шара өткізді. Мақсаты: оқушыларды өз тілінің қадір-қасиетін біліп, тілге деген құрметін, адам өміріндегі маңызын ұғындыру. Іс-шара барысында "Кім жылдам" мақал-мәтелдер сайысы, "Сандар сөйлейді" ойындары арқылы оқушылар өз ойларын толық жеткізе білді.

14-қазан күні 6 «А» сынып жетекшісі «Тілім-тұмарым" атты тәрбие сағаты өткізді. Мақсаты: Ана тілінің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Ана тіліне деген құштарлықтарын арттыру

14-қазан күні директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Омарова А.Б. 8-9-сыныптар арасында «Құқық бұзушылықтың алдын алу» және «Оқушылардың қауіпсіздік» тақырыбында ағартушылық жұмыс атқарды. Мақсаты – құқық бұзушылықтың алдын алу, білім алушыларды келеңсіз жағдайлардан алдын алу.

15 қазан күні 7-сынып жетекшісі Муханжанова М.К. "Желідегі қауіпті хобби (треш-стрим)" тақырыбында сынып сағатын өткізілді. Сынып сағатында оқушыларға желідегі қауіпті хоббилер, атап айтқанда треш-стримдер туралы ақпарат берілді және олардың қауіптері, ерекшеліктері түсіндірілді. Треш-стрим заман талабына сай пайда болған жаңа құбылыс, бірақ оларды қарап түсінген кезде абай болу қажет екеніне мектеп білім алушыларына ескерту жасалды.

15 қазан күні Жаңа Қима ауылы бойыынша учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Омаров С.З. құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында рейд өткізді.

18-қазан күні аға тәлімгер Кусаинов Е.С. «Тимур» тобының мүшелерімен Жабагин Ж. үйіне барып, көмек көрсетті.

18 қазан күні мектеп кітапханашысы Есенгулова Т.С. Республика күніне орай "Тарихы терең Қазақстан!" атты акция ұйымдастырды. Оқушылармен "Ел болу - тарихымыздан..." атты бейнеролик көріп талданды. Сонымен қатар, қазақ елінің тарихы жазылған әдебиеттер жарнамаланып, оқушылар өз ойларын постер арқылы қорғады.

7-18 қазан күндері аралығында мектепалды сынып оқушылары «Отан» тақырыбында челленджіне қатысты. Жетекшісі: Рахимова А.Б.

7-18 қазан күндері аралығында мектепалды сынып оқушылары «Отан» тақырыбында челленджіне қатысты. Жетекшісі: Сыздыкова У.Х.

21 қазан күні 5-сынып жетекшісі Есенгулова Т.С. «Қазақ елі - менің Отаным» тақырыбында сынып сағатын өткізілді. Сынып оқушылары Қазақстан Республикасының әнұранын орындап, топқа бөлініп тапсырмаларды орындады. Білім алушылар қазақ елі жайлы білетіндерін

ортаға салып, өз білімдерімен бөлісті. Мақал-мәтелдер сайысы, қазақ ақын-жазушылардың өлең шумақтары оқылды.

21 қазан күні тарих пәнінің мұғалімі Ерік Қ.З. «Республика күні: Қазақстанның Тәуелсіздікке жолы және Ұлттық Бірлік» тақырыбына конференция өткізді. Мақсаты – оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу, ұлт жанашары болуға жетелеу.

22 қазан күні мектеп кітапханашысы Есенгулова Т.С. Қазақстан Республикасы күніне орай "Менің Отаным Қазақстан" атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Кітап көрмесінің мақсаты: оқушыларға қазақ елінің тарихы мен тарихи орындары туралы жазылған кітаптарды насихаттау. Кітап көрмесіне қойылған кітаптар насихатталып, оқушылар кітаптармен танысты.

22 қазан күні 11-сынып жетекшісі Садвакасова Г.С. «Қазақстан - Республикам менің» тақырыбында сынып сағатын өткізді. Мақсаты: Тәуелсіздікті сақтап, Отанды, елді, жерді қорғауға және көркейтуге деген жауапкершілік сезімдерін ояту. Болашаққа сенімдерін қалыптастыру, саналы да білімді азамат болуға тәрбиелеу.

22-қазан күні тарих пәнінің мұғалімі Кусаинов Е.С. «Тәуелсіздігім-тұғырым» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты - оқушыларды отанымызды құрметтеуге тәрбиелеу.

23 қазан күні мектебімізде «Әділ мемлекет. Біріккен ұлт. Өркендеген қоғам» тақырыбында форум өткізілді. Мақсаты - оқушылар бойында Отанына, еліне деген патриоттық сезімдерін нығайту. Форум бишілердің әдемі биімен басталып, тарих пәнінің мұғалімі Оразалы Т.Ж. жетекшілігімен пікірсайыс ұсынылды. Іс-шара барысында мектеп директоры Абдуалиева К.Е, «Менің арманымдағы Қазақстан» эссе байқауының нәтижесі бойынша оқушыларды марапаттап, қорытынды жасады. Форум жоғары деңгейді өткізіліп, оқушылар қызығушылықтарын кеңейтті.

23 қазан күні мектеп Президенті сайлауының қорытындысы бойынша Казезова Малика Президент атанып, ант беріп, куәлік табысталды.

24 қазан күні қазақ тілі пәнінің мұғалімі Омарова А.Б. 7-сынып оқушылары арасында «Айтыс - қазақ халқының ұлттық болмысы» тақырыбында іс-шара өткізді. Мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

28 қазан күні мектебімізде ата-аналар үшін «Ашық есік» күні өткізілді. Мектеп әкімшілігі мен консультациялық пункт өз жұмысын атқарды. Ата-аналар оқу-тәрбие жұмысына қатысты сұрақтарын қойып, толыққанды жауап алды.

28 қазан күні 1-4-сынып ата-аналары үшін жиналыс өткізілді. Күн тәртібінде келесі сұрақтар қарастырылды:

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының ерекшеліктері
2. Сапалы ұйқы: балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы
3. Демалыс кезіндегі қауіпсіздік
4. Өртүрлі

28 қазан күні 5-8-сынып ата-аналары үшін жиналыс өткізілді. Күн тәртібінде келесі сұрақтар қарастырылды:

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының ерекшеліктері

2. Жасөспірімдердегі ұйқы: Оқуға және мінез-құлыққа әсері
3. Демалыс кезіндегі қауіпсіздік
4. Әртүрлі

28 қазан күні 9-11-сынып ата-аналары үшін **«АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША** жиналыс өткізілді.

Күн тәртібінде келесі сұрақтар қарастырылды:

- 1.«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының ерекшеліктері
2. Жасөспірімнің ұйқысы мен психикалық денсаулығы
3. Демалыс кезіндегі қауіпсіздік
4. Әртүрлі

19 қазан күні мектебімізде Қамқоршылық кеңесінің отырысы өткізілді. Күн тәртібінде келесі сұрақтар қарастырылды:

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі Жаңа Қима ауылының Ғ. Әбдірахманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасын қарастыру.

2.Мектеп директоры лауазымына К.Е. Абдуалиеваны ұсыну.

30 қазан күні аға тәлімгер Кусаинов Е.С. оқушылар арасында «Қауіпсіздік» "Абайлаңыз, жұқа мұз!" тақырыптарында дәріс өткізді. Мақсаты – оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

31 қазан күні дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Құсайын Е.А. мен Нургалиев М.С. ұлттық ойындар түрінен жарыс өткізді. Мақсаты – оқушыларды ұлттық ойындарға баулу.

2-сынып жетекшісі Макишева К.Д. "Ұлттық валюта-теңге күні" тақырыбында сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру.

27 қараша күні 10-сынып жетекшісі Аканова А.Р. «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында сынып сағатын өткізді. Мақсаты - Оқушылардың құқықтық сана-сезімін қалыптастыру және құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.

Мектебіміздің белсенділері: Мұрат Мансұр, Мухаяр Мөлдір, Жаксылыкова Аружан 13.11-29.11 аралығында Щучинск қаласындағы «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында демалып келді. Балалар белсенді демалып, танымдық қабілеттерін кеңейтті.

10 желтоқсан күні мектебімізде 1-4, 5-8, 9-11-сыныптар арасында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жиналысы өткізілді. Мақсаты - ата-аналар мен мектеп арасында позитивті қарым-қатынас орнату. Іс-шара барысында директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Омарова А.Б. орталықтың маңызы мен мақсатын түсіндіріп, бейнефильм көрсетіліп, талқыланды. Педагог-психолог әр буынның ата-аналарына оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, қызықты әрі мазмұнды тренингтер өткізіп, пікірлерімен бөлісті. Ата-аналар жылы лебіздерін білдіріп, ризашылықтарын білдірді. 10 желтоқсан күні мектебімізде 1-4, 5-8, 9-11-сыныптар арасында Ата-аналарды

педагогикалық қолдау орталығының жиналысы өткізілді. Мақсаты - ата-аналар мен мектеп арасында позитивті қарым-қатынас орнату. Іс-шара барысында директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Омарова А.Б. орталықтың маңызы мен мақсатын түсіндіріп, бейнефильм көрсетіліп, талқыланды. Педагог-психолог әр буынның ата-аналарына оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, қызықты әрі мазмұнды тренингтер өткізіп, пікірлерімен бөлісті. Ата-аналар жылы лебіздерін білдіріп, ризашылықтарын білдірді. 10 желтоқсан күні мектебімізде «Даналық» клубының отырысы өткізілді. Мақсаты – отбасы құндылықтарын дәріптеу. 13 желтоқсан күні мектебімізде Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиналыс өткізілді. Мақсаты – оқушылар бойында патриоттық сезімдерін нығайту. Іс-шара барысында мектеп директоры Абдуалиева К.Е. ұжым мен білім алушыларды мерекемен құттықтап, марапаттау рәсімін өткізді. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері тәуелсіздік жайлы сөз қозғап, жылы лебіздерін білдірді. Жиналыс «Әншуақ» фестивалінің әндерімен жалғасты.

19 желтоқсан күні педагог-психолог Тапаева А.К. 8-10-сынып оқушылары арасында "Буллинг және кибербуллингтің алдын алу" тақырыбында дәріс оқып, кеңестер берді. Мақсаты: жасөспірім кезеңдегі кездесетін буллингтің және кибербуллингтің түрлері мен себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг, кибербуллинг туралы ақпаратты кеңейту.

23-24 желтоқсан күндері мектебіміздің 7-сынып оқушысы Шарапов Аркат Көкшетау қаласында өткізілген ҚР Президенті шыршасына қатысып, сәнді костюмі үшін жүлделі 1-орынды иеленді.

4 қаңтар күні мектебімізде Спорт күні болып жарияланды. Мақсаты – оқушыларды салауатты өмір салтына баулу. 8-11-сынып арасында шаңғы жарысы, бастауыш сынып ата-аналары арасында шанамен сырғанау сайысы өткізілді.

17 қаңтар күні директордың тәрбие жөніндегі Омарова А.Б. 8-9-сыныптар арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында дәріс өткізді. Мақсаты – ерте жүктіліктің алдын алу.

27 қаңтар күні 10-сынып жетекшісі Аканова А.Р. «Қаржылық сауаттылық» тақырыбында сынып сағаты өткізді. Мақсаты – оқушыларды қаржылық сауаттылыққа үйрету.

27 қаңтар күні 11-сынып жетекшісі Садвакасова Г.С. «Қаржылық сауаттылық» тақырыбында сынып сағаты өткізді. Мақсаты – оқушылар бойында қаржылық сауаттылық қалыптастыру.

14 ақпан күні 10-сынып жетекшісі Аканова А.Р. “Өрт қауіпсіздігі ережелері” тақырыбында сынып сағатын өткізді. Мақсаты: оқушылардың төтенше жағдайларда, үйде немесе мектепте өрт кезінде өзін дұрыс ұстауға үйрету, өртті сөндірудің практикалық дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың санасына газ және электр құрылғыларын пайдалану

ережелерін жеткізу, оқушылардың өртке байланысты қауіптер туралы білімдерін кеңейту.

14 ақпан күні 4-сынып жетекшісі Жуманова С.Е. "Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет" тақырыбында қауіпсіздік сабағын өткізді. Мақсаты: оқушылардың бойындағы қабілеттері мен таланттарын ашу, өзін-өзі бағалауды, әр адамның құндылығын түсінуді, ынтымаққа тәрбиелеу. Арнаулы қызмет туралы білімдерін кеңейту арқылы керек болған жағдайда алғашқы көмек көрсету әрекеттерін үйренді. Ортақ құтқару қызметінің нөмірлерін анықтап, ажырата білді.

14 ақпан күні 2-сынып жетекшісі Макишева Қ.Д. " Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет". Қауіпсіздік сабағын өткізді. Мақсаты: оқушылардың бойындағы қабілеттері мен таланттарын ашу. Қауіпсіздік мақсаты: арнаулы қызмет туралы білімдерін кеңейту.

12 наурыз күні мектебімізде Ғ.Әбдірахмановтың 100 жыл толуына орай «Асыл ана» клубы ашылды. Мақсаты - отбасылық құндылықтарды сақтап, мектеп пен отбасы қарым-қатынасын арттыру. Ашылу салтанатына ауылдың «Қамқорлық» әжелер клубы, аяулы аналар, мектеп ұжымы мен оқушылар шақырылды. Мектеп директоры Абдуалиева К.Е. құттықтау сөзін жолдап, клубтың мақсаты мен міндеттерін атап өтті. «Қамқорлық» әжелер клубының мүшелері жүрек жарды тілектерін арнап, тамаша ән орындады. Педагог-психолог Тапаева А.К. құттықтау сөзін жолдап, аналар мен оқушылар арасында қызықты тренинг өткізді. Іс-шараны директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Омарова А.Б. қорытындылап, клубтың тұсау кесері жасалды. Музыка пәнінің мұғалімі Асхар Б. тамаша концерт ұйымдастырып, көрермендерді тамаша сезімге бөледі.

12 наурыз күні мектебімізде Ғ.Әбдірахмановтың 100 жыл толуына орай айлықтың ашылуы өткізілді. Іс-шара барысында ұлы тұлғаның өмірбаянына, еңбек жолына, шығармашылығына тоқталып, бір минут үнсіздік жарияланды. Мектеп директоры Абдуалиева К.Е. Ғ.Әбдірахмановтың ерлік пен ерен еңбегінің маңызы зор екеніне тоқталып, өміріндегі маңызды тұстарына тоқталып кетті. Оқушылар Ғ.Әбдірахмановтың өз шығармашылығынан өлеңдерін оқып, тыңдаушыларды керемет сезімге жетеледі. Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Омарова А.Б. Ғ.Әбдірахмановтың мектеп, ауыл өмірінде рөлі ерекше екеніне тоқталып, айлықтың жоспарымен таныстырды.

5 мамыр күні 5-сынып жетекшісі Есенгулова Т.С. "Ерлік - елдіктің тұғыры!" тақырыбында сынып сағатын өткізді. Сынып сағатының мақсаты: оқушылардың жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Оқушылар өздері жаттап келген тақпақтары мен суреттерін қорғап, пікірлерімен бөлісті. 6 мамыр күні мектебімізде Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты линейка өткізілді. Мектеп директоры К.Е. Абдуалиева құттықтау сөзін арнап, мерекенің маңыздылығын атап, технология пәнінің мұғалімі Бекболат Көлбайды облыстық кәсіподақ ұйымы атынан Құрмет грамотасымен

марапаттады. Оқушылар әдемі тілектерін арнап, музыкалық сәлемдемелерін жолдады.

23 мамыр күні мектебімізде 2024-2025 оқу жылының жаст түлектерінің мектеппен қоштасуға арналған салтанатты линейка өткізілді. Мектеп директоры жыл қорытындысын жасап, облыстық олимпиада жүлдегерлерін, пән мұғалімдерін, ата-аналарын алғыс хатпен, «Жыл оқушысы» иегерлерін, «Жас құтқарушы» сайысының жеңімпаздарын, «Үздік сынып жетекші» иегерін марапаттады. Жақсы ауданының білім беру бөлімі бойынша әдіскер Аманжол Ә.Б.жылы лебізін білдіріп, «Үздік психолог кабинеті» сайысының қорытындысы бойынша, «Жұлдызай» балалар шығармашылығының фестиваль-байқауының облыстық кезеңінің қатысушыларын марапаттады. Құттықтау тілектер арналып, жас түлектер ұстаздарға алғыс сөздерін айтып, сезімдерін білдірді.